



Автор: БИХАН БОЛАТ ЖАҚСЫБАЙҰЛЫ

Пән: География

Сынып: 10-сынып

Бөлім: Геосаясат негіздері

Тақырып: Геосаясаттың өзектілігі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	10.5.1.4 Геосаяси ықпал етудің негізгі құралдарын зерттеу.
Сабақтың мақсаты:	Геосаяси ықпал ету құралдарына баға береді.
Тілдік мақсаттар:	Оқушы: Геосаяси ықпал ету құралдарын түсіндіреді және баға береді. (айтылым, жазылым). Пәнге қатысты лексика мен терминология: Геосаяси ықпал ету құралдары. Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер Менің ойымша, геосаяси ықпал ету құралдарын... сипаттауға болады. Білу және түсіну Геосаяси ықпал етудің негізгі құралдарын түсінеді. Талдау Геосаяси ықпал ету құралдарын қолдану салдарын талдайды.
Күтілетін нәтиже:	Оқушының жаңа тақырыпты толық меңгеруі
Бағалау критерийлері:	
Құндылықтарды дарыту:	Өзіне құрмет басқаға құрмет Сабақ барысында, мұғалім және оқушы бір-бірін тыңдайды және сыйлайды. Академиялық шынайылық Сабақ барысында өзара бағалау кезінде әділ бағалауды үйренеді. Ынтымақтастық Жұптық жұмысты орындау барысында өзара байланысқа түсе отырып берілген сұрақтардың жауабын табады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, жеке-жеке компьютер
Пәнаралық байланыс:	тарих
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10мин)	Сәлемдесу. Оқушыларды сабақ тақырыбы, ОМ, СМ-мен таныстыру. Бағалау критерийлері мен тілдік мақсаты қарастыру. Ой шырқау! Мемлекеттің сыртқы саясатта мүдделері қандай болуы мүмкін.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (26мин)	1-тапсырма. Берілген мәтінді оқып сұрақтарға жауап беріңіз. • Геосаяси ықпал ету жүйелері • Геосаяси ықпал ету орталықтары деген не? • Қандай геосаяси ықпал ету құралдары бар? • Ықпал ету құралдарын қолдануға мысал келтіріңіз. Топтарға бөліну 1-4 топ АҚШ 2-5 топ Ресей Федерациясы 3-6 топ Қытай Халық Республикасы Постер жасау талаптары • Тақырыпты жазу • Мазмұны түсінікті болу (мазмұнын ашу және толық мәліметтерді ұсыну); • Оқылымды және ұқыпты; • Орындаған оқушылардың аты-жөні төменгі оң жақ бұрышында жазылады. 2-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, мемлекеттің геосаяси ықпалына баға беріңіз. 1. Мемлекеттің негізгі геосаяси ықпалының бағыттарын және мүдделерін сипаттаңыз. 2. Мемлекет қолданатын ықпал ету құралдарын анықтаңыз. 3. Мемлекет қолданатын ықпал ету құралдарына баға беріңіз. (салдары немесе болашақта күтілетін нәтижелері)	
Сабақтың соңы (3мин)	Галерея әдісі Постерді қорғау және бағалау	
Рефлексия (1мин)	Рефлексия 1. Бүгінгі сабақта білген жаңа ақпаратым... . 2. Келесі сабақта толықтырғым келетін ақпаратым... .	